

Жалағаш ауданының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлікті беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 9 қарашадағы № 261 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 қарашада № 6510 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 89 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 07.07.2020 № 89 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

“Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы” Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңының 30-бабының 4-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жалағаш ауданының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлікті беру қағидалары және оның сипаттамасы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

Қ. Сәрсенбаев

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 9 қарашадағы №261 қаулысына қосымша

Жалағаш ауданының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлікті беру қағидалары және оның сипаттамасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жалағаш ауданы жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлікті беру қағидалары және оның сипаттамасы (әрі қарай - Қағидалар) 2015 жылғы 23 қарашадағы “Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген және Жалағаш ауданы жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлікті беру тәртібін және оның сипаттамасын белгілейді.

2. Қызметтік куәлік (бұдан әрі - Куәлік) “Б” корпусының мемлекеттік қызметшісінің Жалағаш ауданы жергілікті атқарушы органдарында атқаратын лауазымын растайтын ресми құжат болып табылады.

2. Қызметтік куәлікті беру тәртібі

3. Қызметтік куәлік:

1) аудан әкімі аппаратының қызметкерлеріне, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшыларына және кент, ауылдық округ әкімдеріне - Жалағаш ауданы әкімінің қолы қойылып;

2) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметкерлеріне - бөлім басшысының қолы қойылып;

3) кент, ауылдық округ әкімі аппараттарының қызметкерлеріне - кент, ауылдық округ әкімінің қолы қойылып беріледі.

4. Куәлік қызметкерлерге лауазымға тағайындалған, лауазымы ауысқан, бұған дейін берілген куәліктің жоғалған немесе бүлінген жағдайда беріледі.

5. Мемлекеттік қызметкер атқарып отырған лауазымынан босатылған, жұмыстан босатылған, лауазымы ауысқан кезде, тиісті өкім/бұйрық шыққан күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде куәлікті:

1) аудан әкімі аппаратының қызметкерлері, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары және кент, ауылдық округ әкімдері аудан әкімі аппаратының персоналды басқару бөліміне;

2) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметкерлері бөлімнің кадр жұмысына жауапты қызметкеріне;

3) кент, ауылдық округ әкімі аппараттарының қызметкерлері аппараттың кадр жұмысына жауапты қызметкеріне тапсырады.

6. Куәліктердің берілуін және қайтарылуын есепке алу осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша нөмірленетін және тігілетін куәліктерді беру және қайтару журналында жүзеге асырылады.

7. Куәліктерді есептен шығаруды және жоюды персоналды басқару бөлімінің, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, кент, ауылдық округі әкімі аппараттарының кадр жұмысына жауапты қызметкерлері еркін нысандағы тиісті актіні жасай отырып, жүргізеді.

8. Куәлік жоғалған жағдайда оның иесі тиісінше шұғыл түрде персоналды басқару бөлімінің басшысына, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшыларына, кент, ауылдық округі әкімдеріне ол туралы жазбаша түрде хабарлайды және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына хабарлама береді.

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Атқаратын лауазымы	Берілген күні	Куәлік нөмірі	Куәлікті алғаны туралы қолтаңба	Тапсырған күні	Куәлікті қайтарғаны туралы қолтаңба
1	2	3	4	5	6	7	8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК